



№49 (10039)  
22 маусым,  
сенбі  
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы



«zhagalash-zharshysy.kz»  
ақпараттық ағымталма

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Құттықтау

Құрметті мемлекеттік қызметшілер, полиция қызметкерлері, қадірлі сала ардагерлері!

Ел мүддесі жолында абыройлы қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілер мен елдің айыны, қорғаны болған полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызметші мен қоғамдағы тәртіп сақшысының міндеттері сабақтас. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкер мен полиция – мемлекеттік аппараттың жұмысын алға жылжытушы күш және мемлекеттік биліктің оң имиджін қалыптастырушы бірден-бір тұлға. Дамыған мемлекет нәтижелі мемлекеттік қызметші және қоғамдық тәртіптің, ережелер мен заңдылықтардың сақталу негізінде құрылады.

Қазіргі таңда қос мамандық иелеріне артылар жауапкершілік жүгі жоғары, атқаруы тиіс жұмыс көлемі ауқымды, екі саланың да алға қойған мақсаты бір. Сол себепті мемлекетіміздің беделі мен қорғаны болып табылатын қос бірдей мәртебелі қызмет иелеріне деген халық сөнімі мен құрметі қашанда жоғары.

Мемлекеттік қызметші мен полиция қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді, олардың мәртебесі мен абыройы Отанға, халқына адал қызмет етумен бағаланады. Сондықтан жаңа дәуірдегі мемлекеттік қызметші мен полиция қызметкері ардамын парасат биігінде болуы қажет. Себебі халықтың билікке деген сөнімі сіздерден бастау алады.

Бүгінгі мерекеде сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Еліміз өңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміздегі тыныштық пен бейбіт күн баянды болсын!


Құрметпен, аудан әкімі Ардақ Ибраимов

## Бәрежелді!

Наргиз Сұлтанқызы:

# АҚШ-та білім алу арманым еді

Апта басында аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы Наргиз Нұрбекті қабылдап, құрмет көрсетті. Наргиз Сұлтанқызы – АҚШ Мемлекеттік департаменті толығымен қаржыландыратын Future Leaders Exchange (FLEX) бағдарламасының 2023 жылғы жеңімпазы.



...herders, and their practical for a mobile protection from harsh Distinctive Features: • Chapan: One of the "chapan," a long, quilted warmth in cold weath with colorful embroid variations in design. • Shapan: Another type "shapan," which is sh and is worn on formal elaborately decorated We used dfo wear them it

отбасыға Қазақстаннан келген 4-ші қызым, – дейді кейіпкеріміз.

Наргиздің айтуынша, америкалық отбасы оған барынша қолдау көрсетіп, оны қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткен. Америкалық әкесі кезінде әскерде қызмет еткен. Бірде тайландтық құрбысы екеуіне әскери ұшақты көрсетіп, көп нәрсені үйреткен. Басқа да елдердің тағамдары мен салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен таныстырған.

Негізінен Наргиз – ағылшын тілінен олимпиадаға қатысып жүрген оқушы. Бұл бағдарламаға дайындықты 9-сыныптан бастады. Өзінің білетіндей, №123 мектеп-лицей тереңдетіп оқытады. Наргиздің бұл пәнге деген қызығушылығы әуел бастан өте жоғары болды. Ата-ана, достарының қолдауымен ұстаздарының жетекшілігімен, өзінің білімділігімен бұл бағдарламада жеңімпаз болды. Наргизді мән ғана емес, барша ұжым, аудан жұрты мақтан тұтады. Оның жеңісін көрген мектеп оқушылары қапай, мені де осы бағдарламаға дайындаңызшы. Мен де Наргиз сияқты АҚШ-та білім алғым келеді» дейді. Бұйыртып, олар да осындай мүмкіндікке ие болады, – дейді ұстазы Гүлдана Сайлыбекқызы.

Қабылдауда аудандық мәслихаттың төрағасы Өмірзақ Елеусінов мәслихат депутаттары атынан Наргиз Сұлтанқызына және ағылшын тілінен сабақ берген ұстазы Гүлдана Сайлыбекқызына алғыс хат табыстап, сый-құрмет көрсетті. Сонымен қатар «Апалат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншапұл Шоңмұрынқызы мен мәслихат депутаты Гүлзат Ердәулетқызы Наргизге жылы лебізін білдіріп, ата-анасы мен ұстазына алғысын жеткізді.

Жылы соңында Наргиз де қолыпай сәтті пайдаланып, ұстазына алғысын жаудырып, ата-анасына АҚШ-та оқимын деген арманына қолдау білдіріп, 1 жыл шетелде білім алуға жібергені үшін ризашылығын білдірді. Кездесуді

мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов қорытындылап, Наргиз Сұлтанқызына алдағы уақытта алған білімін одан әрі жетілдіріп, қалаған жоғары оқу орнында жалғастыратынына сенім білдірді.

Айта кетейік, Future Leaders Exchange (FLEX) – Армения, Әзірбайжан, Эстония, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдова, Моңғолия, Черногория, Польша, Румыния, Сербия, Тәжікстан, Түркіменстан және Украинадан келген орта мектеп оқушыларына арналған АҚШ мемлекеттік департаментінің бағдарламасы. FLEX 1992 жылы құрылды және АҚШ Мемлекеттік департаментінің білім және мәдениет мәселелері жөніндегі бюросымен қаржыландырылады. Бағдарлама бұрынғы қолдауымен ұстаздарының жетекшілігімен, өзінің білімділігімен бұл бағдарламада жеңімпаз болды. Наргизді мән ғана емес, барша ұжым, аудан жұрты мақтан тұтады. Оның жеңісін көрген мектеп оқушылары қапай, мені де осы бағдарламаға дайындаңызшы. Мен де Наргиз сияқты АҚШ-та білім алғым келеді» дейді. Бұйыртып, олар да осындай мүмкіндікке ие болады, – дейді ұстазы Гүлдана Сайлыбекқызы.

Қабылдауда аудандық мәслихаттың төрағасы Өмірзақ Елеусінов мәслихат депутаттары атынан Наргиз Сұлтанқызына және ағылшын тілінен сабақ берген ұстазы Гүлдана Сайлыбекқызына алғыс хат табыстап, сый-құрмет көрсетті. Сонымен қатар «Апалат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншапұл Шоңмұрынқызы мен мәслихат депутаты Гүлзат Ердәулетқызы Наргизге жылы лебізін білдіріп, ата-анасы мен ұстазына алғысын жеткізді.

Жылы соңында Наргиз де қолыпай сәтті пайдаланып, ұстазына алғысын жаудырып, ата-анасына АҚШ-та оқимын деген арманына қолдау білдіріп, 1 жыл шетелде білім алуға жібергені үшін ризашылығын білдірді. Кездесуді

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

## Спорт

# Шағын футболда ширады



Өткен аптада Жалағаш ауданының 85 жылдығына орай мемлекеттік қызметшілер және Қазақстан полициясы күні қарсаңында мемлекет арасында шағын футболдан сайыс өтті. Тартысты бәсекеге көп және ауылдық округтерден, бөлімдер мен мекемелерден 8 команда қатысып, жүлделерді сарапқа салды.

Аптаның 5 күнін жұмыста өткізетін қызметкерлер спортпен шұғылданауға да уақыт тапты. Жарыс өте тартысты өтті, барлық команда физикалық, тактикалық тұрғыдан мықты дайындықпен келген. Ойында гол саны да көп болды. Көсіпқой футболшылар секілді өнер көрсеткен мекеме қызметкерлеріне әріптес жанкүйерлері риза болды. Бір сөзбен айтқанда, спорттық шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Нәтижесінде үздік ойынымен аудандық емхана қызметкерлері сайыстың жеңімпазы атанып, өзгелерден оза шапты. Аудандық білім бөлімінің қызметкерлері ІІ орынмен үздіктер қатарынан көрінсе, Ақсу, М.Шәменов, Қаракеткен, Бұқарбай батыр ауылдарынан құралған «Тұлпар» командасы үштікті түйіндеді. Сондай-ақ сайыс қорытындысымен «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы», «Үздік ойыншы» номинациялары табысталды.

– №31 мектеп-гимназиясында дене шынықтыру пәні мұғалімінің «Футболдан жарыс өтеді» дегеннен аудандық білім бөлімінің құрамасына өндім. Жалпы сайыс өте тартысты өтті. Қарсыластар да тыңғылықты дайындықпен келгені көрініп-ақ тұр. Біз 2 орын алдық, ақтық ойында есеп ашылмады. Қос команда айыл добы арқылы өзара мықтыны анықтады, бізге сөз сөттілік жетіспей қалды. Әрине, мұндай сайыстар жиі өткенін құптаймыз. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – дейді шабуылшы Бағлан Берікбай.

Спортты жанына серік еткен мекеме қызметкерлерінің финалдық ойынына аудан әкімі Ардақ Ибраимов кәу болып, үздіктерді марапаттады. Барлық қатысушыға алғыс білдіріп, төл мерекемен құттықтады.

Жандос ЖАЗКЕН

## Егінжай – 2024



# Егіс басындағы қызу еңбек

Егістікке алып баратын жол бойындағы қақпадан әрі астық, бірақ күріш алқаптары әлі көзге ілінбеді. Біз жиегін жағалай келе жатқан атыздарда жоңышқа жайқалып тұр. Өріректе арқандаулы тұрған ат қорықшыға тиесілі болуы керек, өйткені мынадай аптап ыстықта диқандар егіс басында бола бермейді. Таң атысымен құлақтарды ашып, күрішін күн ысығанша қоректендіріп болады. Түстен кейін бестің шайын ішіп алып, алқап басына қайта барады. Міне, осыдан-ақ ауыл еңбеккерлерінің жұмысты жүйелегенін байқау қиын емес.

Аламесектің әлі батысында жүрміз, 5-6 атызды арқа тастадық, алдымыздағы картаның арғы атыздарында бітік шыққан жоңышқа түгелдей сулап жатыр. Соған қарағанда комбайнер сол беттен бастап орақ салған секілді. Тағы 3-4 атызды арқа тастағанмыз сол еді, артында тіркемесі бар тракторды жарақты жігіттер жағалап жүр екен.

Иә, бұл – Есет батыр ауылындағы «Қарабура-Ата-1» шаруа қожалығына тиесілі егіс алқабы. Төрағаның есеп жөніндегі орынбасары Абдолла Шалқымаев та егіс басында екен. Сөзінше, шаруашылық жоңышқаның бірінші орымын аяқтап қалған.

Быыл шаруашылықтың 500 гектар алқабы жоңышқаға арналған. Оның 300 гектардан астамы – ескі, ал 170 гектары – жаңа жоңышқа. Әбекең жыл сайын ескісіне 3 мәрте, жаңасына 2 рет орақ салатынын айтады. Ауыл еңбеккерлеріне 100 пресстен тегін таратылады екен.

Жалпы «Қарабура-Ата-1» шаруа қожалығының бұл ауылдың өлеуетінің артуына, абаттануына айтарлықтай көмек беріп жатқанын бұған дейін ауыл әкімінен де естігенбіз. Мәселен, осыған дейін елді мекенге кіреберіс орталық көшеге жалпы құны 5 млн теңгеге жарық бағаналарын орнатты. Жағдайы төмен қаншама отбасына қолғабыс еткен. Жыл сайын сабантойда дала дарабоздарына жалпы құны 30-40 млн теңгедей қаржылай сыйақы үлестіреді.

44 адамды жұмыспен қамтып отырған шаруашылық былтыр 500 гектарға жуық жерге Сыр салысын сепкен. Күзгі науқанда гектарынан 62 центнерден өнім жиген. Диқандардың алды гектарынан 80 центнерге жуық өнім алыпты. Мұндай нәтижелі еңбек еткен дала дарабоздары жалақысынан бөлек сабантойда қыруар қаражатқа кенеледі екен. Мәселен, былтырдың өзінде шаруашылық еңбеккерлеріне жалпы құны 30 млн теңгеден астам қаражат үлес-

тірілген. Былтырғы сабантойда 3 еңбек озаты темір тұлпар тақымдады.

Төрағаның есеп ісі жөніндегі орынбасары Абдолла Шалқымаев бұл үрдіс 2019 жылдан бері дестүрге айналғанын айтады. Яғни шаруашылық құрылғалы Дастан Ержанов ауыл еңбеккерлерінің жұмысын лайықты бағалайды екен.

– Өздеріңіз көріп тұрғандай, ауыл еңбеккерлері шабытпен еңбек етіп жатыр. Бұйыртып, жоңышқаның алғашқы орымын да алдағы аптада жинап үлгерміз. Өріптестерімің ерекше қарқынмен еңбек ететіндей жөні бар. Себебі инвестор ұжымның әрқайсысының отбасылық жағдайын жақсартуға ерекше мән беріп келеді. Жалақылары да жаман емес, одан бөлек еңбек өнімділігі жоғары дала дарабоздарына қосымша тағы да сыйлықтар үлестіріледі. Бұл бізде соңғы 5 жылдан бері жалғасып келеді, – дейді Әбекең.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.



### Полиция династиясы

Отбасылық еңбек династиясы әрқашан дәстүр сабақтастығын сақтаудың бейнесі, таңдаған мамандыққа және өмір жолына құрметпен қараудың үлгісі болып табылады. Кез келген мамандықта отбасылық еңбек династиясы ерекше орында тұрады. Өйткені ол сол мамандықтың мәртебесін, қоғам алдындағы имиджін айқын көрсетеді. Өңірде де, әсіресе ішкі істер органдарында еңбек ететін үлгілі полиция династиясы аз емес.

Полиция күні жалағаштық Ахметқалиевтер үшін отбасылық мерекеге айналған. Өйткені саналы ғұмырын ішкі істер саласына арнаған олар – бүгінде мәуелі бейтерек. Ұрпақтары ата жолын қуып, қазіргі таңда ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Берік Ахметқалиев 2009 жылдан бастап Жалағаш аудандық ішкі істер бөліміне учаскелік полиция инспекторының көмекшісі болып қабылданып, әр жылдары түрлі жауапты қызметтер атқарған. Саладағы ұзақ жылдық еңбегі үшін Милицияның үздік төсбелгісімен, ІІМ-нің I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызмет үшін» медалімен, сонымен бірге басқа да алғыс хаттармен марапатталған. 15 жылдық адал қызметі нәтижесінде «Майор» шенімен зейнеткерлікке шығып, қазір өзінің бала кездегі арманы болған мал шаруашылығымен айналысуда.

Шыны керек, отбасының қолдауының арқасында маған бұл жауапты қызметті алып жүру қиынға соқпады. Көп жыл ішкі істер органдарында жұмыс істеп, халықтың тыныштығы үшін күндіз-түні талмай еңбек еттік. Қазір ұлпының да осы салада адал еңбек етіп келе жатқанына шүкіршілік етемін. Жалпы, полиция болу – форманы киіп алып, қызметте өсіріп, бос жүру емес, ең бастысы, елге адал қызмет ету. Қандай шең, лауазымда жүрсен де өзіңе жүктелген міндетті қиналмастан, асқан жауапкершілікпен мінсіз атқару маңызды. Полиция жұрттың, елдің жақсы қасиеттерімен есінде қалуы керек.



## Әке жолын жалғаған

Тәртіп пен тәзім салтанат құрған жерде құқық қорғаушылардың да абыройы арта түседі. Жалпы біз халықпен тығыз байланыста болғандықтан кез келген типтегі адамдарды жолықтырамыз. Оның көбісі – ашулы, ызалы түрде келетін жәбірленушілер. Сол кезде олармен жылы сөйлесіп, көңілін табу керек. Себебі бұл қызметке келгенде басынан-ақ сондай ант қабылдағанбыз. Бүгінде қылмыстың түр-түрін естіп жатырмыз. Иә, бұл бүгінгі қоғамның басты мәселесі болып отыр. Сондықтан қазіргі жастардың істеп жатқан жұмысы білімділікті, терең теория мен практиканы ұштастырып жұмыс жасауды талап етеді. Полиция қызметкеріне білім де, білік те, білек те керек, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, зейнеткер Берік Тұқымбай-ұлының ұлы, полиция аға лейтенанты Азамат Тұқымбай да қазіргі таңда аудандық полиция бөлімінде тылдық

қамтамасыз ету тобында абыройлы қызмет атқаруда. Салаға келгеніне 7 ай ғана болса да әріптестері Азаматты мақтан тұтады, еңбекқорлығын, сауаттылығын, жауапкершілігін ерекше бағалайды. Полиция аға лейтенанты ортаға, тәртіпке тез үйренісіп кетудің өкесінің берген тәлімі мен бір жыл бойы Ұлттық Ұланда аға мерген қызметінде жүргенімен байланыстырады.

Азамат – қазір әке жолын жалғап келе жатқан қызметкер ғана емес, спортта да ойып тұрып орын алған спорт шебері. Қызығы, әкесі Берік ағай да, Азамат та қоян-қолтық ұрыстан өз салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанған.

– Бала кезімдегі арманым полиция қызметкері болу еді. Себебі адамдарға қаққор болып, көмектесімін келеді. Полицияның киімін кигенді де ұнататыным. Үйде өкemenнiн формасына қызыға қарайтынмын. Атам да осы салада абыройлы қызмет атқар-

ған. Тек армандап қоймай, алдыма мақсат қойдым. Міне, шүкір, мектепті, жоғары оқу орнын жақсы үлгерімімен тәмамдап, бүгінде құқық қорғау саласында қызмет атқарудамын. Жалпы, біздің қызмет қауіпті, өйткені сотталушылармен тәртіп бұзған бұзақылармен жұмыс жасайтын болғандықтан әр күн сайын өмірімізге қауіп төнетінін жасырын емес. Сондықтан жұмысты жауапты болуымыз керек. Бұл орайда өкемді үлгі тұтамын. Бізді қатаң тәртіпке, жауапкершілікке үйреткен. Күнделікті қызметімізде өкemenнiн тәлімін басшылыққа аламыз, – дейді Азамат Берікұлы.

Үлгілі полициягер династиясының ұстанымы – темірдей тәртіп және өз елінің патриоты болу. Сонда ғана қиындығы мен қатері мол саладағы тынымсыз еңбек жемісін бермек.

Ақнұр Алтынбек

### Құрмет

## Елге қызмет – абыройлы міндет

Кеше аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде 23 маусым – Қазақстан полициясы және Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған мерекелік шара өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап, білікті қызметкерлерді марапаттады.



Тәуелсіздік алған жылдары мемлекетті қалыптастыруда ауқымды істер атқарылып, жарқын жобалар жүзеге асып келеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы үздіксіз дамып, жоғары жетістіктерге жетуде. Қазақстанның осындай жоғары жетістіктерге жетуінде тәртіп сақшыларының, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің еңбегі ерен. Олар өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып, еліміздің егеменді, тәуелсіз, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекетке айналуына үлкен үлес қосуда. Мемлекеттік қызметкер мемлекеттің бет бейнесі болса, полиция – сол мемлекет халқының қорғаны.

– Елдің айыны, қорғаны болған полиция қызметкерлерін және ел мүддесі жолында абыройлы қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметші мен тәртіп сақшылары – мемлекеттік аппараттың жұмысын алға жылжытушы кадр және мемлекеттік биліктің он имиджін қалыптастырушы бірден-бір тұлға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір қызметшінің отаншыл, адал болуы және өз ісіне жауапкершілікпен қарауы өте маңызды екенін айта келе, полиция мен мемлекеттік қызметшілерге ерекше сенім білдірді. Мемлекеттік қызметші мен полиция қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін, қызметтің оң имиджін көрсетеді, олардың мәртебесі мен абыройы Отанға, халқына адал қызмет етуімен бағаланады. Сондықтан жаңа дәуірдегі бұл мамандық иелері ардайым парасат биігінде болуы қажет. Себебі халықтың билікке деген сенімі сіздер мен біздерден бастау алады. Ел үшін еңбек еткен адамның қашанда еңсесі биік, мұраты асқақ, болашағы баянды болады. Эрдайым анта адал болып, «ел қорғаны, халық жанашыры» деген атақты абыроймен алып жүрулеріңізге тілектеспін, – деді аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың бейбіт өмірі, амандығы бәрінен қымбат. Тәртіп сақшыларының кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелшілдігімен, қиындыққа төтеп беретін тәзімділігімен құнды. Қай кезде де қылмыспен қарестің алдығы сапында жүріп, уақытын санаспай, азаматтарымыздың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына аянбай қызмет етіп жүрген қызметкерлердің еңбегі ерен. Сала бойынша профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде ауданда орын алған құқық бұзушылықтар көрсеткіші өткен жылдармен салыстырғанда азайып келеді. Әтене, бұл – қоғамдық тәртіпті қалыптастырып, ел тыныштығын сақтау бағытында атқарылып жатқан еңбек пен жүйелі жұмыстың жемісі.

Салтанатты шарада елдің кемеңгер келешегін қалыптастыру жолында аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлерге Мемлекеттік қызметкерлер салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, Облыс әкімінің алғыс хаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының алғыс хаты және аудан әкімінің құттықтауы мен алғыс хаттары табысталды.

– Мен аудандық құрылыс, саулет және қала құрылысы бөлімінде бірнеше жылдан бері бас маман болып жұмыс жасаймын. Өзіңіз білетіндей, әрбір өркениетке қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға жетелеуші – мемлекеттік қызметкер. Еліміздің ертеңі бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің білімі, адалдық ұстанымы мен кәсіби шеберлігіне байланысты. Ұлт мәртебесі мен ел абыройын жоғары қоятын мемлекеттік қызметкер болу – мен үшін мәртебелі міндет. Адалдықтың ақ тұын абыроймен ұстап, еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек ете беремін, – дейді бүгінгі марапат иесі Әкежан Біржан.

Мерекелік шара соңы аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

«ЖЖ» ақпарат



Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

### Погондағы журналист

## Көше күзеткен күн

Тыныштығымыздың күзетшісі полиция қызметкерлерінің қымбат тірлігімен танысу үшін бейсенбіде аудандық полиция бөліміне бардық. Мақсат – елдің тыныштығын күзетіп, жол-көлік оқиғаларының алдын алуда халыққа қалтқысыз қызмет ететін сала мамандарымен «Погондағы журналист» айдары аясында бір күндік жұмысымен танысу.

Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі үшін құқықтық тәртіпті сақтау, кешелер мен басқа да қоғамдық орындарда қылмыстардың алдын алу мақсатында «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Құқық тәртіп», «Абайланыз балалар» және «Жол қауіпсіздігі автокөлігі» тақырыбында жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, рейдтік шаралар жүргізілуде. Менің бүгінгі әріптесім – осы салада 10 жыл қызмет етіп, аудан тұрғындарының қауіпсіздігін басты назарда ұстайтын аудандық полиция бөлімінің патрульдік полиция тобының қызмет аға инспекторы, полиция капитаны Жасулан Айтбайұлы.

Аудандық полиция бөлімінің шыққан әріптесім екеуіміз кент орталығын бетке алдық. Жасуланның айтуынша, қазір кентте көлік саны жыл сайын көбеюде. Сол себепті ол «жол жүру ережесі жиі бұзылып жатады» дейді. Әрине, олардың міндеті ереже бұзған көлік жүргізушілеріне айыппұл салумен шектелмейді. Олар күн-түні тұрғындардың қауіпсіздігін басты назарда ұстап, жүргізушілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізу арқылы жол апатын болдырмауға жұмыс жасайды.

Бұқарбай батыр көшесінің бойымен келе жатқанымызда әріптесім дереу алдымыздағы көлікке жол жиегіне аялдауды бұйырды. Полиция капитаны жүргізушіге өзін таныстырып, оны тоқтату себебін түсіндіре кетті. Оның қандай ереже бұзғанын түсінбей тұрғанымыз сөзгедей әріптесім маған бір қарап, жүргізушінің жарық шамын жақпағанын айтты. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 602-бап, яғни көлік құралдары жүргізушілерінің сыртқы жарық түсіру аспаптарын және дыбыс сигналдарын пайдалану, авариялық сигнал беруді қолдану қағидаларын бұзуы туралы хаттама толтырылып, ескерту берілді.

Арада 40 минут өткеннен кейін Абай көшесінің бойында «Мерседес» автокөлігінің ережені бұзып келе жатқанын аңғардық. Әріптесіммен бірге мен де жұмысқа бейжай қарамай, қырағылық танытып, жүргізушілердің ережені сақтауын қатаң бақылауында ұстап келемін. Жасулан көлік тізгіндеген азаматқа оң қапталға тоқтауды талап етті. Тәртіп бұзған көлік иесіне қауіпсіздік белдігін тақпағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы 593-бабы, яғни жол жүрісі қағидаларында көзделген жол ауышуларды және жүктерді тасы-



малдау, қауіпсіздік белдіктерін немесе мототолемдерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтамау бойынша хаттама толтырылып, 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салып, қауіпсіздік өзге үшін емес, өзі үшін керектігін айтып, қауіпсіздігін белдігін тағуды ескертті.

Бүгінгі әріптесімнің айтуынша, көлік тізгіндегендерді тәртіпке шақырғанмен, нәтижесі көңіл кенішпейді. Себебі ескертуге құлақ аспай көлікті есіріп айдайтқындардың кесірінен ол бүтін бір отбасы қаза болған оқиғалар да барын жасырмады. Айтуынша, бірнеше жыл бұрын бір жас отбасы аудан орталығына қонаққа келіп, қайтар жолда қарсы бағытта келе жатқан жеңіл көлікпен соқтығысқан. Жантүсірілгерлік оқиға салдарынан бүтін бір отбасы және екінің көлікті тізгіндеген жүргізуші көз жұмған. Бір күнде қаза тапқан 5 адамның 2-еуі – ер адам, 1-еуі – әйел адам, ал 2-еуі – көмелет жасына толмаған жасөспірім бала.

Республика бойынша барлық көлік апатының 2,6 мыңы ашық ауа райында, 177 оқиға бұлтты күндері, 128 жағдай қар жауғанда, 72-сі жаңбыр жауғанда, ал 25 оқиға тұманда тіркелген. Ресми деректерге сүйенсек, жыл басынан бері елімізде 500-ден астам адам жол апатынан қаза тапқан. 7 мыңнан астамы жарақат алған. Әрине, апаттың басты себебі – жоғары жылдамдық. Сондай-ақ жол апатының басым бөлігі елді мекендерде күрделі жөндеуді қажет ететін жолдарда болады екен. Ал аудандағы ахуал сала мамандарының айтуынша өте күрделі.

– Жол көлік оқиғаларына көбіне жүргізушілердің қарапайым ережелерді сақтамауы сеп болып отыр. Былтыр ауданда 17 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, салдарынан 36 адам жарақаттанып, 3 адам өмірден озған. Ал жыл басынан бері 867

құқық бұзушылық анықталған. Аудан көлемінде құжатсыз автокөліктерің, немесе ішімдік ішіп көлік құралын басқарғандары үшін және тағы да басқа жол көлік оқиғаларын жасағаны үшін арнайы кент әкімдігіне қарасты автотұраққа 104 автокөлік қойылған. Оның 19-ы көлікті құжатсыз басқарғаны үшін, 8-і масақ көлік жүргізгені үшін, 31-і жол-көлік оқиғаларын жасағаны үшін және 16-сы ҚР міндетті сақтандыру заңнамасын бұзғаны үшін қойылған. Басқа да талаптарды бұзғаны үшін 30 автокөлік қойылған. 2 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 2 адам жарақат алған, – дейді полиция капитаны Жасулан Айтбайұлы.

Елімізде соңғы 5 жыл ішінде 74 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы орын алып, онда 11 193 адам, соның ішінде 8 212 ер адам, 2 974 әйел және 1093 бала жәнетсілім еткен. Жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқан азаматтардың 36 пайызы – жаяу жүргінші, 32 пайызы – көлік ішіндегі жол ауысушылар, 27 пайызы – жүргізушілер, 5 пайызы – мотокөлік немесе велосипед тізгіндегендер құрайды.

### Жолдан да, малдан да қауіп кеп

Төрт түліктің жол бойында қараусыз жайылып жүруі көлік қозғалысына кедергі келтіретіні рас. Әсіресе түнде жолға шыққан малдың кесірінен болған жол-көлік оқиғасы жүргізушілер мен жол ауысушылардың жарақат алуына, адам өліміне әкеліп соғады. Әріптесімнің айтуынша, соңғы уақытта кент орталығындағы көшелердің қақ ортасында төрт түлік малдың қараусыз тайрандап жүруі көбейіп кеткен. Көбіне түнгі уақытта малдардың кент орталығында жайылуы қайғылы оқиғамен аяқталып жатады. Сондай оқиғалардың біріне әріптесіммен бірге



**Тағзым**

«Кеше бала ең, келдің  
ғой талай жасқа» деп  
ақын Абай атамыз  
айтқандай, күні кеше ғана  
«баламын» деп жүрген  
мен де алпыс деген  
жасқа келіп қалыппын.  
Бірақ артта қалған өмірім  
туралы, басымнан өткен  
оқиғаларды ойлағанда,  
орыс жазушысы  
Ф.М.Достоевскийдің  
мына сөзі есіме  
түседі. Оның: – «...  
ешбір оқиғаны, ешбір  
қақтығыс-шиеленісті  
ойдан шығармаңдар.  
Өмірдің өзінде не  
бар, соны алыңдар.  
Өмір біздің ойдан  
шығаратындарымыздың  
бәрінен де бай. Кәдімгі  
күнделікті өмірдің  
беретінін ешқандай  
ой-қиял бере алмайды,  
өмірді құрметтеңдер»,  
– деген сөзі ойымды  
өрбітіп, айтпағымды алға  
қарай жетелейді.



# Ұлағаты мол ұстаз

Қолыма қалам алуыма себепкер болған 1971 жылы №117 «Мақпалкөл» орта мектебінде бізге білім берген ұстаздарыма деген ризашылығым. Өмірімде сол ағай-апапайларымыз берген білімнің көп көмегі тиді. «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың» деп ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай, қалай мектепке барғанымыз, қалай мектепті бітіріп, өмірге араласқанымыз көз алдымызда. Оны ойыңнан қанша қуасаң да құрта алмайсың. Ол бірде қуанышты сезімге бөлесе, бірде айықпас мұңға батырады. Олай дейтінім, «Мақпалкөл» орта мектебінің бірінші сынабына қабылданғанда ұстазымыз Ұлы Отан соғысының ардагері Қартаңбай Замандин ағай алғаш рет өріп танытып, жазу-сызуға баулыды. Екінші-үшінші сыныпты осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі оқытты.

Әділін айту керек, біздің сыныптың оқушылары осы уақытта сабақ үлгерімі нашар, тәртіп жағынан ең соңғы сатыда болды. Өйткені сыныптастарымыздың мінезі, ойлау қабілеті әртүрлі. Біреуі алдында ұш ағасы бар ерке бала, енді бірі бір үйдің кенжесі, болмаса шалдың баласы. Оның үстіне алты-жеті оқушының әкесі ерте қайтыс болған. Шыны айтқанда, кілең «мен айтқын, сен тұр» деген төнтектерміз.

Бір сыныпта жиырма екі ұл, он жеті қыз оқимыз. Ойлап қарасақ, оң мен солын танымаған оқушыларды тәртіпке келтіру, қиынның қиыны. Біздің сыныпты сыртқысыздан бақылап жүрген география пәнінің мұғалімі Кенжегүл Әбдірева апай, мектеп директоры Кәми Сабытовқа біздің жағдайымызды түсіндіріп, дәлелден төртінші сыныптан бастап сынып жетекшісі болып тағайындалыпты. Оны біз кейін білдік. Жетекші болғаннан кейін апай сыныпта жаңа тәртіп орнатты. Сабақ үлгерімім жақсару, үй тапсырмасын орындау, мектеп мәдениетін сақтау басты талап. Осы талаптарды орындамаған оқушыға қатаң шара қолданатынын ескертті. Өзі жоғары сыныптарға география сабағынан дәріс бере жүріп, сабақ арасындағы

үзілісте сыныпқа келіп, үлгерім журналын тексереді. Егер нашар баға алған оқушы болса, сол пәннен оқытатын ұстаздарға оқушыдан оқындылығын түсінік алуға тапсырма береді. Төртінші сыныптан бастап арасында шапалақ алып, барынтымазыбен оқып, әжептәуір адам болып қалдық. Кенжегүл апайдың мінезі сондай ер бала бол, қыз бала бол, сабақ үлгерімі болсын, тәртібі болсын, әділін айтады. Оқушының ата-анасының беделіне қарап именіп, біреуді артық санау, ондай әдеттер тағы жоқ. Тәртіп бөріне бірдей. Оқушының ата-анасын мектепке шақырып, баласының білімі, тәртібі туралы ақылдасатын, талап қоятын. Сол уақыттарда шет мемлекеттерде социализмге бетбұрыс жасап, орасан өзгерістер болып жатқан Мысалы, Куба, Вьетнам, Чили, Эфиопия, Палестина тағы басқа шағын мемлекеттер. Кеңес үкіметі осылардың қолдаушы атасы іспетті. Бейбітшілік туралы, мәдени шаралар, диспут және басқа да жындыр ай сайын өткізіледі. Осы іс-шаралардың басы-қасында оқушылармен бірге Кенжегүл апай да басқарып жүреді. Іс-шараға көбіне ер балаларды қатыстыратын. Ол кісінің түпкі мақсаты – оқушыларды азамат болып қалыптастыру. Сол себепті болар, қоғам өміріне белсене араласуына ерекше назар аударады.

1977 жылдары Кеңес мемлекетінде діни әдет-ғұрыптарды талқандауға қатаң үрдіспен саяси науқан жүріп жатты. Мектеп директоры Кәми Сабытов Кенжегүл апайдың атеизм туралы диспут өткізуді ұсынған. Ұстазымыз осы ұсыныстан бас тартыпты. Оны қабылдамағаны айтпаса да түсінікті еді.

Апай география пәнінен сабақ өткізеді. Сыныптастарым алды беске, төртке, ең нашары семіз үшке ие болатын. Осы онжылдықта талай оқушы білімді болып қалыптасты. Ұстаз білімін оқушысының ой-өрісімен өлшеуді естен шығармаған жөн. Онжылдықты аяқтаған соң Кенжегүл апайдың оқушылары Майра, Марина, Тұрсынжаң, Сәния, Сәндігүл, Күлпән, Бейбіткүл, Роза,

Сәрсенкүл, Алмагүл, Нұржамал, Базаркүл, Шара, Ғалия, Гүлбадан, Сағынкүл, Асима, Бақыт, Сырлыбай, Балғабек бәрі де жоғары оқу орнын бітірді. Осының бәрі – аяулы апай Кенжегүл Әбдіреваның нағыз ұстаз болғанының, шәкірттеріне деген мейірімнің жемісі. Бұл – ол уақыттағы өлшеммен жоғарғы жетістік.

«Құдіреті күшті Тәңірі дүниеде сұлулықты құста аққуға, төрт түлікте жылқыға, адамда әйелге» берген деген сөз бар. Кенжегүл апай да – Тәңірінің сол сыйына ие болған жан. Бойы ортадан жоғары, аққуба, көзі үлкен, шашын желкесіне үйіп сөндеген, басын сол иығына сәл қосайта қарағанының өзі сымбатына үйлесе кететін. Кіген киімі де өзіне жарасым тұрады. Ал ішкі жан дүниесіне үңілсең, одан асқан мейірімді жанды шырақ алып іздесең де таппайсың. Әр оқушы ата-ана үшін құлып болса, Кенжегүл апай – сол құлыптардың ашатын кілті.

Егер менен тосыннан біреу келіп «Мақпалкөл» орта мектебінде еңбегімен, білім-тәрбиесінің ерекшелігімен ауыл мен оқушылар есінде қалған қандай озат ұстаздар болды?» десе, алдымен Кенжегүл Әбдірева апайды және жолдасы Камал Сүлейменовты атар едім. Ерлі-зайыпты ұстаздардың білім деңгейі, ойлау қабілеті, парасат-пайымы өте жоғары болды. Камал ағай мектепте директордың орынбасары қызметін атқара жүріп, қоғамтану пәнінен дәріс берді. Ағай өзіне тән сабақ түсіндіру тәсілімен оқушыларды еріксіз баурап алатын. Ұстазымыз сабырлы, салмақты, көп сөйлемейтін, сабақты қысқаша түсіндіріп, оқушылардың жауабын сұрағанда әр оқушының білім деңгейіне байланысты баға қоятын. Жаратылысы ерекше, мінезі жіктелі біясы, Тәңірі молынан ажар берген тұлға.

Жылжып өткен жылдар, алыстап кеткен күндер Кенжегүл апайды еріксіз ойға түсіреді. Ұстазымыз ерекше өжет мінезінен бір оқиғаны еске ала кетсем артық болмас. Ұстазым – шәкірт тәрбиелеуде сауатты ұстаз, оқушы психологиясын әбден меңгерген, жоғарғы маман.

**Сейсенбай ҚАЛИЕВ,  
Темірбек Жүргенов  
ауылының тұрғаны**

## Тұрғындар мәселесін тыңдады

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов кезектілікке сәйкес тұрғындардың жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді. Қабылдауда тұрғындар тарапынан тұрақты жұмысқа орналасу және кент ішіндегі қоғамдық келіс санын арттыру мәселелері қозғалды.

Қабылдауда көтерілген жеке мәселелерге заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берілді. Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына gov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы тіркеле алады.

«ЖЖ» ақпарат

## Сақтансаң, сақтайды



## Балалардың отпен ойнауына жол бермейік

Балалар – біздің болашағымыз. Бірақ біз балалардың өмірі қуанышқа толы және бақытты болғанын, оларға қауіп төбегенді туралы жиі ойланамыз ба? Өкінішке орай бұл туралы бәрі естен шығарды. Ата-аналардың есінен шықпауы тиіс бұл жайттардың бірі – балалардың отпен ойнауы. Нәтижесінде өрт жеке меншікке зиян әкеледі және азаматтардың өміріне қауіп төндіреді. Неліктен солай болады? Бұл көбінесе ересектердің өзінен болады.

Қараусыз үйде жалғыз қалған жасөспірімдер рұқсат етілмеген ойындар мен ісін көбінесе сіркіге сияқты қауіпті заттарды қызықтырып ойнайды, сонда олар отпен болған мұндай ойынның ауыр салдарын білмейді. Мұндай жағдайлар ата-аналар балаларға қолжетімді орындарда сіркінен, тұтағышты алып тастауды ұмытқанда, сөнбеген электр құрылғыларын жанып жатқан пешті қараусыз қалдырғанда болады. Ата-аналар кейде балаларының отқа деген үлкен қызығушылығы барын ұмытатын жағдайлар болады. Кейбір ата-ана баласының көзінше сіркінен ойынға айналады. Кей кезде оқушылар аулақтарда алау жандырып ойнайды. Жасөспірімдердің бұл ойыны зиян. Нәтижесінде құбырлардың жылу изоляциясы тұтаанып, қоқыс жанады. Өкінішке орай мұндай жағдайлар аз емес. Үйде де, мектепте де балаларға өрттің зияны мен шығыны туралы түсіндірме жұмыстарын өткізіп отыру қажет.

Әрбір бала өрт сөндірушілерді шақыра алатын «101» телефон нөмірін білуі тиіс. Ең бастысы, Сіздің балаларыңыз білуі тиіс бір жайт бар. Өрт қауіпсіздігінің қатаң ережелерін, отпен ойнауда ежелетін салдарларды болдырмауды білуі керек. Бұл әрбір отбасының міндеті екенін ескеріңіз.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

## Жемқорлықпен күрес — ортақ міндет

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Аққыр ауылдық округі әкімі аппаратының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде 2024 жылға арналған Іс-шара жоспары бекітіліп, ауылдық округ аумағында орналасқан мекеме басшыларымен бірлесіп сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Аққыр ауылдық округі әкімі аппараты ғимаратында мекеме қызметкерлерінің қатысуымен деніелік үстелі Аққыр ауылдық клубы ғимаратында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресейік» тақырыбында ауыл тұрғындарымен кездесу ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы атқарылған жұмыстар Аққыр ауылдық округі әкімі аппаратының фейсбук әлеуметтік желісі парақшасына үздіксіз жарияланып отырады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінезі қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – парақорсыз өмір. Мықты мемлекет – жемқорлықсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналымызды ашқаз алақтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз.

**Жаңабек МАТАЕВ,  
Аққыр ауылдық округінің әкімі**

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдау жұргізетін уақыты аламын Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдау жұргізетін уақыты аламын	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Аққыр ауылы	Матаев Жаңабек Улықбекұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы, ІІ.Ақырзаев көшесі №40	31741-4-44

## Жыл өтіпті өзіңсіз

Қамшының сабындай қайран тірлік, бір күні шарт сынары әмбебап аял. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шариғат сөзі. Шіркін бәрі орынмен ретімен келсе, өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамдыда күліп-ойнап, жарқырап жүрген Зәуре досымыздан қапыда айырылды. Бір қанатымыз қайырылды. Өлім түгілі екепге қимайтын досымыз жайлы енді жерде өткен шақпен естелік айтамыз деп кім ойлаған?



Оның ғұмырдариясы мәңгілік ағысқа ауысты. «Өлшеулі өмір» дейтін халық сөзі бар. Маңдайға басылған мөр мен жазылған жазуды ешкім өзгерте алмайды. Аяулы жар, ардақты ана, немерелерің сүйікті әжесі Үмбетова Зәуре Пірмашқызы 2023 жылы 19 маусымда өмірден озды. Жарық жалғаннан мәңгілік бақиға аттанғалы бір жылдың жузі болды. Артында аңыраған жары, балалары, бауырлары, ағайын-туыс, ел-жұрты, достары қалды. Бұл өмірге өшпес із қалдырды. Зәуренің әрбір сөзі, ұтымды әзіліп өткен шақпен айтамыз деп кім ойлаған? Ешкімнің көңіліне тимейтін ауыр сөзі жоқ, аңылдаған ақынғұл көз келген ортаның гүлі еді. Үлкеннің де, кішінің де көңілінен шығып, әзілімен жан-жағына сәуле төгетін досымыз еді. Жатқан жерің жайлы да жарық болсын. Топырағың торқа, жаңып жәннаттан орын алсын. Бақұл бол Зәуре досым! Осынау азалы күнде досымыздың рухына арнап өлең жолдарын бағыштаймыз.

Шықсам деген көз салып шың-қузына, Бағыт алды көктегі жұлдызына. Алла енді амандық, сабыр берсін, Туысына, жарына, ұл-қызына.


**Еске алушылар достары**

Шаруашылық биыл да 470 гектар жерге күріш егілті. Оның 135 гектары – «Лидер», 110 гектары – «Маршал», қалғаны – «Янтар» сұрпынан. Жыл сайын «Лидер» мен «Янтар» тұқымын себетін еңбек ұжымы биыл тәжірибе есебінде 100 гектардан астам «Маршал» сұрпын қосып отыр. Әбекең оның «Лидер» секілді тауарлық бағытта өтімді екенін айтады. Ал пісіп-жетілу уақытына келсек, сәл ғана айырмашылық бар. Мәселен «Лидер» 115 күнде ораққа дайын болса, «Маршал» 126 күнде пісіп-жетіледі.

– Биыл аяқсудан айтарлықтай мәселе туындаған жоқ, былтыр болды, бірақ маусымында сутартқыш насостар пайдаланған жоқпыз. Биыл да оның қажеті болмайтын сынайлы. Күріш негізінен толық пісіп-жетілгенше суда тұратын өнім болғандықтан аяқсу мәселесі біз үшін бәрінен маңызды. Ол болмаса, өнім де болмайды, өнім болмағасын жұмыс та күйрейді. Сондықтан аяқсу мәселесі түбегейлі шешілгені дұрыс. Әзірге одан тапшылық жоқ, – дейді Абдолла Шалқымаев.

Биыл шаруашылық көктемгі науқанды сәуірдің ортасында бастаған. Ал мамырдың алғашқы күні дән сеуіпті. Бүгінде Сыр салысы толық суға бастырылған. Діқандар енді күрішті тыңайтқыштармен қоректендіру үшін суды басып жатыр. Бұл жұмыстар аяқталысымен атыз құлақтары қайта ашылады.

– Күрішті пісіп-жетілгені дегенше күтіп-баптауы қызық қой, тура бала сияқты, ол да қырқынан шығарылады. Одан кейін түрлі тыңайтқыштар беріледі. Олардың әрқайсысының өзін-



дiк релі бар. Бірі алқапты арамшөптерден арылтып, енді бірі өнімді түрлі аурулардан қорғайды. Олардың да әрқайсысының берілетін уақыты болады. Негізінен тұқым уақытығы себіліп, өнім уақытында жиналуы керек. Ол үшін әр науқан өз деңгейінде орындалуы тиіс. Күріштің суын басқанымызға бір-

неше күн болды, – дейді діқан Самат Бижанов.

Таңғы он жарымда күн ысып тұрған, одан бері бір сағаттай төрағаның орынбасарынан шаруашылықтың бүгінгі тынысын сұрадық. Қазір аптап ыстық басталды. Артында тіркемесі бар трактор тізгіндеген ағамыздың «жо-

ңышқа толды, ауылға жүрейік» дейтіндей реті бар. Оны естіген Әбекең де бізбен жүрдiм-бардым қоштасты. Қажетті мәліметтерімізді алып, біз де ауылды бетке алдық.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ  
БАСЫЛ-БЕТТЕ**



Мезгіл мәселесі

# Суға түсу маусымы: Қауіпсіздік қаперде болсын

Әсіресе еліміздің оңтүстік өңірлерінде жаз мезгілі аптап ыстық болады. Сондықтан болар, тұрғындар табиғат аясында демалып, су айдындарында шомылып, уақыт өткізгенді жөн көреді. Десе де азаматтар суға шомылу сәтінде қауіпсіздік ережелерін сақтамай, оқыс оқиғаға жиі тап болуда. Жаңалықтарға құлақ түріп, көз жүгіртсек, жыл сайын жүздеген адам суға кетіп жатыр. Статистикаға мән берсек, суға кету факторлары еліміздің оңтүстік өңірлерінде, яғни Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында жиі тіркелген. Неліктен? Тарқатайық...

Жандос ЖАЗКЕН



20 күнде 27 адам суға кеткен

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, елімізде жыл басынан бері 45 адам, ал 1 маусымнан бері 27 адам суға кеткен. Министрліктің халықты қорғау бойынша қабылдаған шараларының нәтижесінде 2020 жылдан бері суға батып қаза тапқандар саны 437-ден 227-ге азайған.

Қазіргі таңда су айдындарында 42 құтқару бекеті халықты қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Келер жылы «Шалқар», «Имантау» көлдерінің бойында және Қосшы қаласында 3 модульдік станцияны құрылысы аяқталады. Бірақ ірі су айдындарында 15 станция жеткіліксіз. Сол себепті қосымша ретінде министрлік жазғы кезеңде қайықтармен және құтқару құралдарымен жабдықталған мобильді посттар қоюда. Олар су айдындарына кезекшілік атқарып, патруль жүргізу жұмыстарын жүзеге асырады. Осы жұмыстардың нәтижесінде министрліктің құтқарушылары жыл басынан бері 76 адамды, суға шомылу маусымы басталғалы 24 адамды құтқарған.

Сала министрі Шығыс Әріновтың Үкімет отырысында келтірген мәліметіне сүйенсек, құтқару бөлімшелерін жабдықтауға қатысты проблемалар бар. Қолда бар қайықтардың көбі жарамсыз күйде қалған. Алайда осы оқиғаларды жою мақсатында қазіргі уақытта заманауи қатерлер, жүзу құралдары және дрондар жоспарлы түрде сатып алынууда. Жұмыстың тиімділігін арттыру үшін жағдайды нақты уақыт режимінде қауіпсіздік бақылауға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды қабылдау да маңызды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жаңа технологиялардың арқасында құрбан болғандар саны 6 пайызға қысқарған. Бүгінде еліміз бойынша осындай 708 орын жабдықталған жағажайлардың орналасқан жері туралы деректер 2GIS платформасында орналастырылған.

3 мыңға жуық адам жауапқа тартылған

Арнайы мониторингтік топтар суға шығатын қала сыртындағы 31 ла-

циялық роликтер көрсету арқылы судағы қауіпсіздік сабақтары өтсе, мектептерде 4 пән мазмұнында жалпы 38 сабақ қауіпсіздік тақырыбына арналған. Мұнан бөлек биылғы оқу жылында мектептерде судағы қауіпсіздік тақырыбында 2327 сынып сағаты ұйымдастырылған. Ал жаңа оқу жылынан бастап барлық мектепте 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары аясында апта сайынғы қауіпсіздік сабақтары өткізіледі.

## 857 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған

Елімізде демалушылардың ақауы бар кемелерге мініп, аяғы қайғылы оқиғаман аяқталатын жағдайлар аз емес. Көлік министрлігінің айтуынша, жаппай демалыс орындарында шағын көлемді кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі көлік инспекциясының дайындығы биылғы маусымға сақадай сай. Елімізде 5 мыңнан астам өзең, көл және шағын көлемді кемелер пайдаланылатын өзге де су айдыны бар. Шағын көлемді кемелердің жалпы саны 19 мыңды құрайды, олар ең көп тіркелген өңірлер Атырау және Шығыс Қазақстан облыстары, Алматы қаласы, Алматы, Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау және Қарағанды облыстары болып табылады.

Осы орайда құзырлы органдармен өткен жылғы навигацияда шағын көлемді кемелерде 4 146 тексеру жүргізілсе, нәтижесінде 857 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Быыл 10 маусымдағы жағдай бойынша 311 шағын көлемді кеме тексеріліп, 98 әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Алдағы уақытта болжам бойынша кем дегенде 4300 тексеру жүргізу жоспарлануда.

## Сыр елінде 8 оқиға тіркелген

Жаздың бірінші күні Қызылорда қаласы маңындағы «Ягодка» саяжайындағы Сырдария өзенінде шомылып жүрген 2008 және 2009 жылғы екі бала суға кеткен. Оқиға орнына Жеддел құтқару жасағы жұмылдырылып, құтқарушылар суасты іздегіру жұмыстарына кіріскен. Олар жағадан 30 метр қашықтан сағат 19:30 шамасында 3 метр тереңдіктен 2009 жылғы жасөспірімнің денесін тапты. Араға 5 минут салып, 35 метр қашықтағы 3 метр су астынан 2008 жылғы тағы бір баланың мәйіті сыртқа шығарылды.

Айта кетейік, қаза тапқан екі жасөспірім де – Қызылорда қаласындағы Н.Лиясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы. Жалпы жыл басынан бері аймақта 8 оқиға тіркелген.

## Аудандағы ахуал қалай?

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің мәліметінше, оқыс оқиға көбінесе мектеп жасындағы оқушылар мен спорттық ішімдік ішкен азаматтардың қарапайым ереже талаптарын сақтамауынан болады. Сонымен қатар ауданда суға түсуге белленген арнайы жағажайлардың болмауы, суда құтқару стансасының жоқтығы кері әсерін тигізуде. Өкініштісі, бұлтыр су айдындарында 3 азамат оқыс оқиғаға тап болған, оның 2-еуі – балалар. Быыл суға кету факторы тіркелмеген.

## Маман кеңесіне бейжай қарамайық

Бүгінде жылда қайталанатын бұл мәселемен жергілікті билік «Жазғы суға шомылу маусымы кезеңінде су айдындарында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында атқарылатын жұмыстарының іс-шараларын» бекіткен. Осы орайда кезекшілік кестесі жасалып, аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, №11 ӨСБ-нің кезекшіліктен бос қызметкерлері, еріктілер, аудан әкімдігі, аудандық білім бөлімі, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері бірігіп, күнделікті сағат 14:00-ден 21:00-ге дейін дария бойындағы суға көп түсетін орындарында рейдтер ұйымдастырылып, нұсқаулықтар жүргізілуде. Сондай-ақ суға шомылуға тыйым салынған орындарға 45 тақтайша және адам көп жиналатын орындарда және елді мекендерде судағы қауіпсіздік тақырыбында 7 билборд орнатылған.

Жаз мезгілі басталысымен біз аталған мәселе бойынша профилактикалық жұмыстарды барынша күшейтеміз. Әрине, оқыс оқиғалардың алдын алуға тек төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары жауапты деген теріс түсінік. Әр азамат табиғат аясына демалғанда, орман-тоғайларда серуендегенде сақтық шараларына бекем болғаны абзал. Осы орайда жазғы демалыста аудан аумағындағы барлық білім беру ұйымдары оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарымен бірігіп, тиісті шараларды атқарудамыз. Аудандық полиция бөлімі су айдындарында патрульдеуді ұйымдастырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын күшейткен. Сондай-ақ жабдықталмаған жерлерде суға шомылатын адамдарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіліп, тиісті талаптарға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылуға, – дейді аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов.

Жалпы, мамандар оқыс жағдайдың алдын алу үшін ел азаматтарын уақытылы ақпараттандыруға назар салады. Атқарылған іс-шаралардың ақпараттық облыстық төтенше жағдайлар департаментінің «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желісіне және аудан әкімдігінің парақшаларында 16 мақала орналастырылған. Сонымен қатар «Жалағаш жаршысы» газетіне «Бала бақылаусыз болмасын», «Балалардың қауіпсіздігін сақтайық», «Қауіпсіздік қаперде болсын», «Су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтайық», «Суға түсу ережелері мен қауіпсіздік шаралары» тақырыптарында мақалалар жарияланған.

**Ескертеміз!** Жақсы жүзе білу – суда қауіпсіз демалудың маңызды келімі, бірақ есіңізде болсын, тіпті жақсы жүзуші де үнемі суда жүру ережелерін қатаң сақтау керек. Жағадан алыс жүзбеңіз, ескерту белгілері бар жерде емес, арнайы белленген және жабдықталған орындарда шомылыңыз. Суға абайлап, баяу кіріңіз, су белгісіз жеткенде тоқтаныңыз, суға тез сүңгіп шығыңыз. Ешқашан жалғыз жүзуге болмайды, әсіресе егер сіз өз қабілеттеріңізге сенімді болмасаңыз, жалған апат сигналдарын бермеңіз.

Жандос ЖАЗКЕН

## Қолдау



## 3 155 отбасы баспаналы болды

Еліміз сәуір айында су тасқынынан зардап шекті. Салдарынан су басқан аймақтардағы тұрғындар баспанадан, мүлкінен, мал, қора жайынан айырылды. Әрине, апатпен бүкіл халық болып күресті. Еңсемізді түсірмедік, тілсіз жауға қарсы қасқайып тұрдық. Бірлік пен жанашырлықтың арқасында топан судың бетін қайтардық. Енді мемлекет зардап шеккен азаматтарға көмек беруде. Осы ретте «Президенттің тапсырмасына сәйкес, күн суытқанға дейін азаматтар жаңа тұрғын үйге қоныстанып, барлық инфрақұрылым нысандары қалпына келтірілетін болады» деп үнде берді Премьер-министр Олжас Бектенов.

Кеше Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкімет басшысы Олжас Бектенов ауқымды су тасқынының салдарын жою жөніндегі қалпына келтіру жұмыстары барысына түсініктеме берді. Үкімет басшысы су тасқыны мыңдаған азаматқа, сондай-ақ инфрақұрылымға, экономикаға және жалпы елімізге айтарлықтай зиян келтіргенін атап өтті.

Нақтырақ айтсақ, 20 мыңнан астам адам эвакуацияланса, 67 570 адам өз үйіне оралған. Әлі де 3 952 адам эвакуациялық пункттерде қалып отыр. Барлығы 12 мың тұрғын үй және 26 мың саяжай учаскесі су астында қалған. Бүгінгі таңда 33 141 отбасы 100 АЕК көлемінде өтемақтан алған. Осы мақсатқа бюджеттен 12 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Сондай-ақ зардап шеккен 17 982 үй бойынша тексеру жүргізіліп, 15 685 үйді бағалау аяқталған. Нәтижесінде үйлердің жартысына жуығы жөндеу мен қалпына келтіруді қажет ететін белгілі болды. 8 мыңнан астам үй апатты жағдайда деп танылған. Осы мақсатқа 38,6 млрд теңге бөлініп, 5 823 отбасы өтемақтан алған.

Бүгінде баспанға қолы жетіп, қоныс тойын тойлап жатқан азаматтарымыз да бар. Нақтырақ тоқтатсақ, 3 155 отбасы жаңа баспана алды. Бірқатар Жалпы тұрғын үйді құрылысы бөленсінді жүргізіліп жатыр. Қапшағар ауданындағы қалпына келтіруге және салуға 251 млрд теңге бағытталған. Сонымен қатар инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға, жолдарға зиян келген Атап айтқанда, 2,3 мыңнан астам энергиямен жабдықтау тірегі қирап, 54 шақырым желі үзілген. Бүгінгі таңда 40 пайызы қалпына келтірілген, жаз айларында жұмыс бөленсінді жалғасады.

Республикалық және жергілікті жолдардың 290 учаскесінде автомобиль қатынасы үзілген. Сонымен қатар 39 білім беру нысаны су астында қалды. Оның 18-і ағымдағы жөндеуді, 11-і күрделі жөндеуді қажет етеді. 9 білім беру нысаны одан әрі пайдалануға мүлдем жарамсыз және жаңадан салынады. Бір білім беру нысанында елі де тексеру рәсімі жүргізіліп жатыр.

Су тасқынынан едәуір зардап шеккен Ақмола облысында 551 үй қалпына келтіріліп, анықталған. Нәтижесінде 172 отбасына қайталама нарықтан тұрғын үй сатып алынды. Сонымен қатар 273 үйдің құрылысы басталған. Құрылыс жұмысы облыстың төрт ауданында, яғни Атбасар, Бұланды, Жарқайың және Есілде жүргізілуде. Нысандарға 330-ға жуық жұмысшы мен 55 бірлік арнайы техника жұмылдырылған.

Тек Үкімет қана емес, залалды қалпына келтіру үшін арнайы қорлар да көмегін аямауда. Мәселен, «Қазақстан халқына» қоры Бұланды және Жарқайың аудандарында 87 үй салып жатыр. «Асар Ақмола» қоры Атбасар ауданында 100 пәтерлі үй құрылысын бастаған. Мұнда іргетас құю аяқталып, кірпіш қалау жұмысы қарқынды жүруде. Жоспар бойынша қараша айында тұрғындар жаңа баспанға көшіп келеді.

Су тасқынының елді есеңгіреткені рас. Қаһарына мінген су апаты жанды ауыртты. Елді тағы бір сынағана алды. Бұл сынаққа Қазақ елі жудырықтай жұмылып, бейжай қарамай, Халық бір-бірінің қызын-қыстау шаққа қалдырмай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, еңсесін тіктеді.

Жандос МАХМУТҰЛЫ



Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-56  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 975